Мақалада Т. Әбдікұлының «Тұғыр мен ғұмыр» атты хикаятындағы бір ғана адамның басынан кешкен оқиғалары арқылы сол бір аласапыран уақыт аясындағы қалың жұртшылық өкілдерінің көпшілігіне тән болып келген жайттар кеңінен талданып, көрсетілген. Мақаланың мақсаты хикаят құрылымындағы асқынған, ширыққан, драматизмге толы түрлі жағдайлардың орын алуын кешенді түрде саралаудан өткізу. Зерттеу барысында саралау, теориялық талдау және жинақтау әдістері қолданылды. Зерттеудің нәтижесінде бас қаһарманның көркем бейнесін сомдауда авторлық тұжырымдама, ұстанымынан туындаған негізгі идея жинақтаушылық және жалпыламалық сондай-ақ жалқылық сипаттарға қаншалықты дәрежеде ие болғаны жан-жақты талданып, саралаудан өткізілген. Батыр болмысындағы асқынған драматизм, небәрі он екі жасынан бастап тағдырдың ащы тәлкегіне ұшырауы, екенің саяси сенімсіз, яғни халық жауы деген нақақ жаламен тұтқындалып, ақыры атылуы, қаршадай қарындасының жылай-жылай бақиға аттануы, халық жауының әйелі, яғни бұның анасының да жазасын өтеп, бостандыққа шыққанымен, ұлын бір рет көре алмай көз жұмуы — адамзат баласының тағдырына тотаритарлық жүйенің қаншалықты трагедия әкелгенін шынайы түрде көрсете алған. Әр қаһарманның басындағы түрлі теперіш, тартыс жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның басындағы ауыр хал-ахуалды көрсететіні бүгінгі күн биігінен зерделенген.

Кілт сөздер: қаламгер, драматизм, повесть, хикаят, стиль.

Kipicne

Повестердегі тартыс — қарама-қарсы күштердің, топтардың, жеке адам мен топтар арасындағы келіспеушіліктер. Заман мен адам, табиғат пен адам, екі тұлға, адамның өз-өзімен тартысуы — драматизмнің көріністері. Қақтығыс — повесть сюжетіне тақырыптық бағыт береді. Оның немен тынарын алдын-ала кесіп, пішіп, өлшеп беретін де драматизм. Тартыс — екі қарама-қарсы күштердің өзара қарым-қатынасын айқындап, композицияның мағыналық құрылымына тікелей әсер етеді. Бір адамның бойында бірнеше қақтығыстар болса, оны ішкі және сыртқы деп екіге бөлеміз. Сыртқы тартыс қоғаммен, идеялармен, басқа адамдармен ашық іс-әрекет келіспеушілік арқылы көрінеді. Ал, ішкі тартыс өте күрделі. Адам өзінің бойындағы өкініштермен, кемшіліктермен, шешім қабылдаудағы қиыншылықтарымен күреседі. Көрнекті ғалым Р. Нұрғали [1] әдебиеттегі тартыс туралы да біршама зерттеулер жүргізген. Ғалым қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін талдай отырып, әділ сынын да айтып өткен. Р. Нұрғали драматизмді көбінесе тарихи, саяси-әлеуметтік оқиғалармен байланыстырады. Әдеби туындылардағы драматизм категориясы адамның жан әлемін, ішкі дүниесін ашуда психологиялық баяндау, психологиялық бейнелеу құралдары кейіпкердің рухани, адами тазаруын шынайы суреттеуде де қаламгер ұстанымын аңғарта түседі. Ішкі ой арпалысы әр характерді тануға жетелейді.

Тәуелсіздік жылдарында жарық көрген повестеріндегі драматизм көрінісі мен оның қызметтеріне көңіл аударып, басты мәселелерді жан-жақты таразылаудың жөні бөлек. Қоғам, сана, құндылықтар өзгергенде көркем шығарманың тақырыбы мен оның астарында жатқан қақтығыс себептері де өзгеріске түседі. Қоғам бейнесі, кейіпкерлер жан дүнесі, сондай-ақ қым қуат қайшылықтар қазіргі қазақ повестеріндегі айқын көріністері арқылы жазушы ұстанымын ашудағы драматизмнің орны ерекше екендігін көрсетеді. Профессор Т. Есембеков «Драматизм в казахской прозе» атты зерттеуінде біріншіден тартысты эстетикалық категория ретінде қарастырып, оның сюжет, характер, стиль мәселелерімен арақатынасына жан-жақты тоқталады. Ол өз еңбегінде: «Әдеби шығарма — жазушы бейнелеген өмірдің нақты көрінісі. Сондықтан ол автордың ойы мен сезімін

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: aizada220513@gmail.com

көрсетеді, ендеше ол жазушы дүниетанымымен тығыз байланысты» деп жазады [2: 104]. Жазушының тіл шеберлігі мен философиялық шындықтарды кейіпкердің мінезі арқылы заман қайшылықтарын сюжет желісінде бейнелей білу көркем әдебиетті байыта түспек.

«Қазіргі әдебиетіміздің тақырыптық ауқымы тың үрдістерге сай кеңейе түсуде. Қаншама шығармалар жарық көруде. Бұрын-соңды қаламға ілікпеген тың жағдайлар мен адам мінездерін бейнелеуде батыл қадамдар жасалып, бейненің жинақтаушылық қасиеті күшеюде. Қаламгерлер өз қоғамындағы, өз ортасындағы адами қасиеттерді зерттей отырып, алуан түрлі көркем образдарды дүниеге алып келіп жатыр. Соның нәтижесінде қоғамның бет-бейнесі, қыр-сыры айқынырақ танылып жатқаны шындық» [3]. Тартыс — адам ғұмырындағы түрлі драмалық коллизияларды тудырушы. «Қазіргі прозаға шиеленіс, баяндаудың драмалық сипаты тән» [4: 338]. Осы ретте қазіргі қазақ прозасындағы, әсіресе хикаяттардағы драматизмге назар аудару өте маңызды. Аталмыш мақаламыздың мақсаты — кейіпкерлердің мінез-құлқындағы психологизмді ашу, жазушының эстетикалық идеалын табу, адам жанының қыр-сырына тереңнен үңілу, қоғамдағы өзгерістер мен адам тағдырындағы байланысты зерделей отырып, авторлық ұстанымды ашуда драматизмнің ерекше орын алатынын көрсету. Драматизм әдеби шығармалардың мазмұны мен құрылымына тереңірек енуге, сондай-ақ қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін айқындауға мүмкіндік береді.

Төлен Әбдік қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі ретінде танымал. Оның шығармалары қоғамдағы әлеуметтік, моральдық және философиялық мәселелерді терең зерттеуге арналған. «Тұғыр мен ғұмыр» повесі — автордың шығармашылық шеберлігінің жарқын үлгісі, онда адам өмірінің мәні, тұлғаның ішкі дағдарысы, қоғамдағы қатынастар мен моральдық дилеммалар терең талданады. «Тұғыр мен ғұмыр» повесінде басты кейіпкер — ішкі әлемі күрделі, өмір жолында түрлі сынақтарға тап болған адам. Оның өміріндегі тартыстар әлеуметтік, моральдық және философиялық аспектілерге негізделген. Бұл повесте авторлық ұстаным мен драматизм айқын көрінеді, олар оқырманға адам табиғаты, өмір мен өлім, ар мен намыс туралы терең ойларға жетелейді. Кейіпкердің өз-өзімен күресі, яғни өзінің өмірлік шешімдерін қабылдаудағы қиындықтары, оның ішкі әлеміндегі драматизмді одан әрі тереңдетеді. Төлен Әбдік осы арқылы, оқырманға адам өмірінің мәні мен шынайы бақыттың ізденісінің қаншалықты күрделі екенін көрсетеді.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде әдеби шығармалардағы драматизм табиғатын ашуға енбек сіңірген ғалымдар З. Қабдолов [5], Р. Нұрғали, Т. Есембеков, Н. Ғабдуллин [6], С. Ордалиев [7], Қ. Жүсіпов [8], т.б. ғалымдардың енбектеріндегі маңызды ойлар мен ғылыми тұжырымдамалар негізге алынды. Сонымен қатар тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасындағы жаңа ізденістер мен жаңашылдықтар туралы жазылған мақалалар қарастырылды [9, 10, 11, 12].

Талдауымызға арқау боп отырған Т. Әбдікұлының тәуелсіздік жылдары жазған хикаятындағы авторлық ұстанымға негізделген драматизмнің динамикалық даму үдерісі мақалада талданған. Өмірдің небір тар жол, тайғақ кешуінен өткен қарт адамның ажал сағаты соғар сәттегі жан тебіренісі ғылыми талдауға арқау болған. Зерттеу барысында саралау, теориялық талдау, жүйелілік, жинақтау, тұжырым жасау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Егер пешене атты шетсіз, шексіз абстрактілі ұғым тұрғысынан келсек, барша тіршілік иелерінің ішіндегі ең қуаттысы Адам екені белгілі. Адам болмысын кескіндеу өнердің негізгі зерттеу нысанын ғана дәлелдеп қоймай, қаламгердің өзіндік жазу мәнерін, машығын да байқатады. Әдебиет теориясындағы мазмұн мен пішін бірлігі, оларға қандай компоненттер жататыны белгілі. Пішінге ғана емес, мазмұнға да жататын жазу машығы — стиль. Өмірден тақырып таңдау тұрғысынан келгенде, қаламгер стилі мазмұнмен де тығыз байланысты.

Бұның бәрін айтып отырған себебіміз,

- тәуелсіздік жылдарындағы жазған хикаяттарына қарап отырып, жазушы Т. Әбдікұлының осы жанрдағы шығармаларында (ертелі-кеш жарық көрген) ішкі проблематика, әлеуметтік мәселе тұрғысынан алғанда, «Парасат майданы», «Тұғыр мен ғұмыр», «Әке», «Оралу», «Ақиқат», «Тозақ оттары жымындайды», «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт» т.б. дүниелеріндегі ортақ бағытты, идеялық мақсат-мүддені, көзқарас тұтастығын байқаймыз;

- идеялық ұқсастық бар жерде типологияның айтылатыны және мәлім десек «Парасат майданының» М. Мағауин қаламынан туған «Жармақпен» т.б. туындылармен бағыттас екенін аңғарамыз.

Қаламгер тұғыр мен ғұмыр ұғымдарын бекер алмаған. Бас қаһарман — Батыр. Басқасының бәрі — эпизодтық кейіпкерлер. Бір емес, екі-үш ұрпақ алмасып, алапат оқиғалардың куәсі болған уақытты хикаят өзегіне арқау ету жазушы шеберлігінен туындап тұр дегенді баса айтқымыз келеді.

«198... жылы күзде аудан орталығынан шалғайда жатқан «Жеңіс» поселкесінің шетіне кештетіп шағын автобус тоқтады. Автобустан, үстінде сұр плащ, басында сұр қалпақ, қолына таяқ ұстаған қарасұр егде кісі түсті. Әжім айғыздаған көңілсіздеу жүзінен кәріліктен бұрын сырқаттың азабын көбірек тартып жүргені байқалады. Сөмкесін жерге қойып, ауыр демалып, қалтасынан орамалын алып, терін сүртті. Содан кейін бейберекеттеу салынған шағын поселкеге, әлденені есіне түсіре алмағандай, антарыла қарап, біраз тұрды» [13: 65]. Бұл шығарма кіріспесі. Пролог.

Ал, «Үйлер қыр басында қаз-қатар болып көше түзегенмен, өзенге тірелетін ойпанда суатқа топырлаған мал секілді сапырылысып, қиқы-жиқы болып кеткен. Орта тұста қос қабат екі-үш үй көрінеді, шамасы, совхоз кеңсесі, тағы басқа қоғамдық-мәдени ғимараттар болар. Одан әрі жайқалған ағаштардың төбесі, оның арасынан ескерткіш секілді бірдеңе қарауытады...» деген сөйлемдер прологты жалғастыра келіп, экспозициялық сипатқа ие болып тұр [13: 65].

Қартаң жолаушының шағын ауылға антарыла қарап, ұзақ үңілуі — санасына қазақы болмыстың қайта оралуы, өткенін еске түсіруге талпынысы, жан дүниесіндегі буырқанған сезім, аспанға секіріп, тулаған асау пырақтай әбден асқынған драматизмге басу айтқандай, сабырға шақырғандай байсалды болуға тырысуы.

«Автобустан түскен өзге жолаушылар түйіншектерін көтеріп, балаларын жетелеп, асығыс-үсігіс жан-жаққа тарап жатыр. Біршамада автобус та кері қайтты. Егде кісі, осы жерге қате келген жоқпын ба дегендей, төңірегіне жатырқай қарап әлі тұр. Әлден уақытта сөмкесін алып, таяғына сүйене ырғала басып, шеттегі үйге қарай жүрді. Жақындай бере, әлдене есіне түскендей, ойланып тоқтай қалды» [13: 65].

Көркемдік шешімдегі мына, «Бұдан кейін таң атты. Күн нұры күндегідей поселкені алтын шұғылаға бөледі. Жыл сайынғы әдетімен мереке күнгі қарбалас ерте басталды. Мектеп жақтан горнның, барабанның үндері естіледі. Ұйқыдан тұрған тіршілік перроннан қозғалған ауыр составтай баяу жылжып бара жатты. Әлдебір жолаушы Сәлімгерейдің үйіне құдайы қонақ боп келгенде жүректен қайтыс болыпты деген сыбыс төңірекке сыздықтай тарағанмен, алып-қашпа дабыраға ұласқан жоқ. Дүниеге кім келіп, кім кетпей жатыр?... Бұл өңірде бәрі бұрынғыша, бәрі бәз қалпында. Тіпті ештеңе де болмаған секілді» [13: 143]. Бұл жолдар эпилог қызметін толықтай атқарып тұр.

Пролог пен эпилог арасындағы яғни сюжеттің басталуында он екі жасар бала Батырдың бүгінгі Борис атты қарттың жасына жетуіне, күрделі, түсініксіздеу, бірден баға бере алмайтын сәтінде бақиға аттануы — бірде баяу, бірде белсенді түрде, бірде сылбыр, бірде шапшаң өтіп жатқан уақыт аясындағы қаһарман тағдырына айна-қатесіз кескіндеуге алғышарттар жасаған.

Оқиғаның басталуы мен көркемдік шешімі аралығында автор нақты уақытқа, белгілі бір дәрежеде өткенге айналып, тарихи уақытқа айналып бара жатқан мерзімге бірталай кейіпкерлерді қамтуға қол жеткізген. Уақыт түрлі сипатта болып, кейіпкер үшін өзгерістер болғанымен кеңістік біреу. Нақтырақ айтсақ, макрокеңістікке Германия, екінші дүниежүзілік соғыс болған, сондай-ақ Қиыр Шығыс (Владивосток өңірі) жатады. Микрокеңістік — қазақ жері, Семей, жаны мәңгілікке тыныс тапқан туған жер топырағы жатады.

Батыр өмірін аса күрделі, қайшылығы мол ғұмырға айналдырып жіберген күш-тағдыр. «— «Адамның басы — Алланың добы» дейді екен, Сәке, — деді әлде қалай даусы қарлығып. — Мен де бір сондай допша домалап, тағдырдың тәлкегіне түскен жанмын. Өмірім күн мен түн секілді. Қысылмай, қиналмай еске алатын сәттерім де бар, айтуға аузым бармайтын тұстарым да аз емес. Бірақ соның бәрі қалай болды: әлде өзімнің жіберген қателігімнен бе, әлде маңдайыма жазылған ғұмыр осы болды ма, ол жағы бір құдайға аян. Кінәмнің не екенін өзім де білмеймін, әйтеуір, өмір бойы еркімнен тыс, санамнан тыс бір зорлықтың ықпалында жүргендеймін...» [13: 72].

Бас кейіпкер Батыр сияқты тағдыр теперішін көрген, шыдай алмай, жастай қыршынынан қиылған, тірі қалса, мүлде өзгеріп, басқа адам кейпіне кіргендер жалғыз Батыр ғана емес. Т. Әбдіқұлының бас қаһарман бейнесін әрі даралық, әрі жинақтаушылық, жалпылық сипат дарытуға тырысқан. «— Өткен өмірінде достыққа, татулыққа, мейірімге толы жақсы күндер көп болса, ол да бір байлық қой. Еске алған сайын жаныңа жылу беріп, сананды нұрға толтырып тұрады. Бірақ менде

ондай күндер, сорыма қарай, көп болмады. Менің күндерім жауластыққа, күнә мен қылмысқа толы. Рас мен жалғыз емеспін. Мұндай бақытсыздыққа ұшыраған жандар тұтас бір ұрпақты құрайды. Бірақ одан менің қайғым жеңілдемейді. Ең үлкен өкінішім — көзі тірісінде анаммен хабарласа алмағаным. Өзімді, өлмесем де, өлдіге санадым. Үйткені жарық дүниеге жария болуға жағдай көтермеді. Қылмыс әлеміне кеттім. Ол да о дүниеге кеткенмен бірдей еді. Енді санаулы ғана күндерім қалды. Бұрын көп дінсіздің бірі едім, қазір құдайға сенетін болдым. Басқаның бәрі өткінші екенін, адамға да, қоғамға да Аллаға жүгіну арқылы ғана әділ баға беруге болатынын енді түсіндім. Туған ел кешер-кешпес, алдынан өту парыз. Маған, шынымды айтсам, топырағы бұйырса жетіп жатыр. Енді жасыратын ештеңем жоқ. Үңгірден жарыққа шыққан жарғанаттай болып отырған түрім осы...» [13: 138].

Сәби кезінен емес, оннан аса бергендегі ғұмырын өрт шалған Батырдың өлгенше көрген азабын, қиянатын, қоғамның, қандыбалақ биліктің көрсеткен желісін баяндай келе, автор «неге солай болды?», «кім кінәлі?», «не істеу керек?» деген сауалдарға жауап беруді алдына міндет етіп қоймаған. Тек Батыр басындағы қаны сорғалаған шындықты реалистік тұрғыда беруге күш салған.

«Шын қасіретті Батыр енді түсінді. Үрей дауылы аяқ-қолын жерге тигізбей, беймәлім бір жаққа ұшырып ала жөнелгендей болды. Қарсыласарға дәрмен жоқ. Қолынан келгені қорқу ғана. Төрт жасар қарындасымен екеуі сәби санасы түсініп болмайтын қатыгез уақытпен, күнмен, түнмен, мейірімсіз билікпен, беймәлім тірлікпен бетпе-бет қалды» [13: 76].

Оқыған, ғалым, лауазымды қызмет атқарған әкесінің үйіне қызметкер азаматтардың қонаққа жиі келуі, әкесін шектен тыс мақтап, кейде мақтауға сөз таба алмай қиналуы, ал, сол әкесі бұның он екі жасында «халық жауы» атанып тұтқындалғанда (кейіннен атылғанда), бір-екі адамнан (Ғалым, Раха) басқа бірде-бір жанның араша түсе алмауы, жарайды, ара түсу өте қауіпті болса да, қаршадай Батырмен кішкентай қарындасына титтей де болса, жәрдем қолын созуы, анасының да іле-шала тұтқындалып, қос балапанын бір Аллаға тапсырып, кете беруі, жалғыз қарындасының суық тиіп, қайтыс болуы, әкені де, шешені де он екі жасынан бастап, бақиға аттанғанша көре алмауы — бәрі де тірі жетімнің болмысына ұялаған тартыс, намыс, бейнеттің орасан күшті драмалық жағдайға бастайтыны, басынан сөз асырмайтын кекшіл болып өсуіне, ақын жүрегінде тегін өзгертпеуге бекінген қайсарлыққа ұласуына алғышарттар жасауы — бәрі-бәрі негізгі кейіпкердің драматизмінен қоғам — адам — уақыт үш тағанының драматизміне ұласқан өзіне тән көркемдік стильмен автор оқырманды сендіре отырып суреттей алған.

Батыр өзін «азап мен уайымның шегіне жеттім, бұдан әрі мені бақытсыз ету мүмкін емес шығар» деген секілді бір ойдың жетегінде жүрген болатын. Бірақ бақытсыздықта шек жоқ екен. Семейге бара жатқан жолда салқын тиіп, науқастанып, кішкентай қарындасы Раушан қайтыс болыпты деген хабарды естігенде, Батыр есінен танды. Аздап есіріктеніп, орынсыз сөйлеп, орынсыз күле бастағанын естіп, Ғалым мұны ауруханаға жатқызды. Батыр бір айдан кейін есін жинап, қалпына келді. Бірақ бөтен бала секілді. Сөйлеген сөзінде, мінезінде, көз қарасында бір жаттық бар [13: 80].

Семей мектебіндегі бұзақы оқушылар, олардың басшысымен бұның қан жаса боп төбелесуі, ерте шыңдалып, қайсар мінезге ие болуы, Сұлушаштың сұмырай жүйенің мазағына көнбей, асылып өлуі, Батырдың жасын өсіріп, соғысқа аттануы, ерлік көрсетуі, тұтқынға түсуі, елге аман-есен келсе де, он жылға сотталып, Қиыр Шығысқа жіберілуі, алмағайып заман тудырған түрлі қылмыскерлер тобы, соның біріне мүше болуы, ешқандай жанкешті әрекеттен бойын аулақ салмауы, аты-жөні мен тегін өзгертуі шағын жанрға жататын хикаяттың қаншалықты дәрежеде салмақты жүк көтеріп тұрғанын аңғартады.

Ертеректе Т. Әбдікұлының «Әке» хикаяты жарық көрген-ді. Шығармадағы ұлттық болмыс сипаттары, өзге емес, тек қана қазақтың өлер алдында ұрпақтарына өзін туған жеріне жерлеуді өтінетіні оқырман тарапынан жақсы бағаға ие болған-ды. Өз елінде үйінде отырса да, бақилық болған үлкенді-кіші боп ауылдастарының ақтық сапарға шығарып салуы, бүкіл шаруаны ел азаматтары, үлкендердің өздері атқаруы халқымыздың үзілмей келе жатқан дәстүрін көрсеткен-ді. Сол «Әке» мен «Тұғыр мен ғұмырдың» көркемдік шешіміндегі ұқсастықты бірден байқаймыз. Екі қария да өздерінің кіндік қаны тамған жерге жерленді. Әсіресе, Батырға деген Алланың рақымы бұл деп тұжырғанымыз абзал бұл жәйтті.

«Батыр өзінің санаулы күндері қалғанын сезгендей болды. Жүрегін сыздатқан сартап сағыныш барған сайын күшейіп, күшейген сайын көкірегінің қараңғы түкпіріне сәуле тарап, ұмытылған өмір елестері айқындалып, қайта тіріліп, жанына жақындай түскендей әсер береді.

Ақыры санасына бір ғажап ой келді. Ол — елге жету, барлық күнә мен қылмысын мойындап, ағынан жарылу, сөйтіп ең соңғы мауқын басып, туған жердің топырағын жастанып, мәңгі ұйқыға

кету. Осылай істесе, өлімнің қорқынышы да жеңілдеп, әлдебір мағынаға ие болатындай көрінді. Бұл ойының өзіне ұнағаны сонша, осыны баяғыдан бері неге ойламағам деп өкінді» [13: 137].

Төлен Әбдіктің авторлық ұстанымы шығарманың жалпы концепциясында, кейіпкерлердің әрекеттері мен диалогтарында көрінеді. Автор адамның рухани болмысы мен өмірдің мәні туралы терең ойларға назар аударады. Повесте адамның моральдық және этикалық таңдаулары, өмір мен өлім арасындағы күрес айқын көрінеді. Әбдік кейіпкерлері арқылы адамзаттың мәңгілік сұрақтарына жауап іздейді, бұл оның шығармашылық кредосының негізгі бөлігін құрайды.

Қорытынды

Төлен Әбдіктің «Тұғыр мен ғұмыр» повесі авторлық ұстаным мен драматизмнің тамаша үлгісі болып табылады. Шығармада көтерілген философиялық мәселелер мен кейіпкерлердің күрделі психологиясы оқырманды терең ойларға жетелейді. Автордың өмір мен өлім, ар мен намыс, адамгершілік құндылықтар туралы ойлары, кейіпкерлердің драматикалық жағдайлары мен ішкі жан дүниесіндегі күресі арқылы көрінеді. Осылайша, Т. Әбдік қазақ әдебиетіне ерекше мән мен мазмұн қосып, оқырманды адамзаттың болмысы туралы терең ойлануға шақырады.

«Тұғыр мен ғұмыр» повесіне нарратологиялық талдау жасауда төмендегідей белгілерін анықтадық. Нарратордың рөлі мен оның қасиеттерінің мәтінде болу белгілері кездеспейді.

Эксплицитті яғни жасырын мәтінді екі жерде анықтадық:

- біріншісі Батырдың артель құрылғанда салынған адам тұрмайтын поселкені көруі, ол туралы атасынан сұрағанда аштықтан қырылған адамдардың сүйектері жатқандығын естуінен байқаймыз. Батырдың ары қарай қазбалап сұрамайтыны геноцидтің, репрессияның үрейі бала жүрегіне мәңгілік таңба салғаны және өлімнен қорықпай жасы жетпестен соғысқа аттануының себебі жатыр;

- екіншісі тұтқынға түскен совет жауынгерлерінің беймәлім тағдыры және жоқшысының болмауы;

- диететикалық тұсы: шығармада жазушының жеке басындағы кейбір қасиеттерін Батырдың бала бейнесінен көруге болады. Т. Әбдік бір үйдің жалғыз баласы, әрі спортқа бейімділігі болған. Сондықтан бас кейіпкердің балалық кезі туралы сюжетте жазушының өзінің бойындағы қасиеттері (өжеттігі, көп сөйлемейтіні) болуы мүмкін;

- хабардарлық дәрежесі бойынша Екінші дүниежүзілік соғыста неміс концлагеріндегі тұтқындардың өмірі туралы шындыққа негізделген деректердің бар екендігі;

- Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақ халқына әкелген қырғыны бойынша ақпараттандыру мен кеңістіктік шекарасы әр қазақ отбасында болған жағдай екендігін түйсінеміз;

- жасырын нарратор: жазушының соғыс жылдары дүниеге келгенін ескерсек логикалық тұрғыдан жасырын оқырман деп баға бере аламыз. Бала күнінен соғыс туралы естіген әңгімелерінің жиынтығы;

- фокализация түрлері бойынша психологиялық шығарма;

- локализация қасиеттері бойынша диалектика яғни Батыр болмысының өзгеруі: Борис, Якут, Ескерткіш;

- тарих және дискурс: «әр қазақ менің жалғзым» идеясына жақын, яғни адам мемлекеттің басты құндылығы болғандықтан белгілі бір жауапкершілік сұрау болуы қажет деген ой бар;

- нарратологиялық шеберліктің бірнеше деңгейі: бала Батыр, жасөспірім Батыр, совет жауынгері Батыр, тұтқындағы Батыр, сотталған Борис, азаттыққа жеткен Якут, туған жерге оралған қарт Батыр, өзіне орнатылған ескерткішпен біріккен қаһарман Батыр. Жазушының кейіпкер есімін Батыр деп алуы тегін емес. Соғыста ерлік көрсеткеннің бәрі батыр емес, жазмышпен күресе білген, өмірден түңілмеген адамдар да батыр деп айтқысы келгендей.

Сюжеттік–композициялық ауқымындағы оқиғаларды беруде экспозициядан бастап, эпилог рөлін атқарып тұрған көркемдік шешім аралығында тек Батырдың ғана емес, жарты ғасырдай уақыт мұғдарындағы КСРО атты империяның қоғамдық-әлеуметтік, саяси жағдаяттарының тарихына үңілген. Бас қаһарман — Батыр. Басқасының бәрі — эпизодтық кейіпкерлер. «Тұғыр мен ғұмыр» — жанры жағынан повесть. Ал жанр — тарихи категория. Бір емес, екі-үш ұрпақ алмасып, алапат оқиғалардың куәсі болған уақытты повесть өзегіне арқау ету жазушы шеберлігінен туындап тұр дегенді баса айтқымыз келеді.

Қорыта айтсақ, жазушы Т. Әбдікұлының біз талдаған хикаяты да жоғарыдағы көрсетілген өткір мәселені көтеруімен дараланып тұр дегенді ерекше айтқымыз келеді. Жазушының қолданатын нарратив бағдарлары мен повестің ризоматикалық сипаты жасырын драматизмнің барын аңғартады.

Кейіпкер Батыр-Бористің қактығыстары көзге түртіп тұрмаса да екі ойлы тәсілдер арқылы аңғарылады. Фокальді кейіпкер повестің құрылу идеясына стилистикалық тәсіл ретінде қызмет атқарып тұр. Кейіпкердің аты-жөні, мекенжайы, құжаты түгел өзгереді. Нарратордың санасы мен интрузиясын кейіпкердің монологынан байқаймыз.

Терең пайымдаған оқырман Т. Әбдіқұлы хикаятындағы шебер кескінделген ұлттық рухани шүйгіндікті аңғарар еді. Ол туралы кезінде зерттеушілер Б. Майтанов [14], Г. Пірәлиева [15], Қ. Құрманғалиев [16], С. Әшімбаев [17], С. Асылбекұлы [18], Ж. Жұмагелдин [19] т.б. жазған болатын. Егер ақиқаттың дегеніне ден қойсақ, бүгінгі күннің биігінен сонау трагедиялы уақыттың оқиғаларына үңілу көп жайтты аңғартады дер едік. «Тұғыр мен ғұмырдағы» Сәлімгерей де, Батырдың әкесі Шәкен де, Қасен де, мектеп директоры да, Оқап та, Түгелбай да сол дәуірдің, қанды қасап өктемдік құрған дәуірдің перзенттері еді. Қажет десеңіз, бұл сотталып, он жылға жаза кесілгенде бірге болған, түрлі қылмыстық топ мүшелері болған, өзгеге зорлық-зомбылық жасап, еш шімірікпей жанын жаһаннамға жібере салатындар да сол дәуір тудырған, игі іс, адамгершілік, адами қасиет дегендер аямай тапталған кезеңнің дүниеге келтірген адамдары болатын. Олар сол заманның, уақыттың аясында ғұмыр кешті. Сол қоғамның мүшелері болды. Олардың басындағы трагедия сол дәуірдің трагедиясы еді. Адам мен адамның, адам мен биліктің, жүйенің, қоғамның арасындағы қарым-қатынастан, адамның да, заманмен жүйенің де драматизмі туындаған еді.

Қорыта айтсақ, жазушы Т. Әбдіқұлының біз талдаған хикаяты да жоғарыдағы көрсетілген өткір мәселені көтеруімен дараланып тұр дегенді ерекше айтқымыз келеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Нұрғали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын зерттеу / Р. Нұрғали. — Алматы: Жазушы, 2000. — 400 б.
- 2 Елеуқенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде / Ш. Елеуқенов. — Алматы: Алатау, 2006. — 352 б.
- 3 Жарылғапов Ж.Ж. Қазіргі қазақ прозасындағы қала бейнесі / Ж.Ж. Жарылғапов, М.Ж. Кенжекова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2019. — № 1(93). — Б. 30–37.
- 4 Temirbolat A. Transformation of Novel's genre in modern literature / A. Temirbolat, R. Abdikulova, S. Kalkabaeva, A. Ospanova, A. Ospanova // Mediterranean Journal of Social Sciences. — 2015. — Vol. 6 (4S2). — P. 333–339.
- 5 Қабдолов З. Сөз өнері / З. Қабдолов — Алматы: Қазақ университеті, 1992. — 350 б.
- 6 Ғабдуллин Н. Замандас келбеті. Филол. ғыл. д-ры ... дисс. автореф. / Н. Ғабдуллин. — Алматы, 1972.
- 7 Ордалиев С. Конфликт және характер / С. Ордалиев. — Алматы: Жазушы, 1970. — 184 б.
- 8 Жүсіпов Қ. Қазақ прозасындағы тартыс және жаңа адам. Филол. ғыл. д-ры ... дисс. авторефераты / Қ. Жүсіпов. — Алматы, 1969.
- 9 Тагудретова Б.Б. М. Байғұт шығармаларындағы әлеуметтік шындық және замандас бейнесі / Б.Б. Тагудретова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2022. — № 2(106). — Б. 101–108.
- 10 Төлеубаева К.А. Әбіш Кекілбаевтің «Абылай хан» шығармасындағы авторлық ұстаным / К.А. Төлеубаева, Н.Р. Аккулова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2019. — № 3(95). — Б. 70–74.
- 11 Асанов Қ.Д. Сөз өнерінің ақпараттық табиғаты / Қ.Д. Асанов, А.Қ. Асан // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2016. — № 2(82). — Б. 46–52.
- 12 Ысқақұлы С. Сюжет және нарратив теориясы / С. Ысқақұлы, С.У. Такиров // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2016. — № 1(81). — Б. 51–55.
- 13 Әбдіқұлы Т. Тұғыр мен ғұмыр / Т. Әбдіқұлы // Парасат майданы: Таңдамалы. — Алматы: Раритет, 2012. — 616 б.
- 14 Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі / Б. Майтанов. — Алматы: Ғылым, 1982. — 148 б.
- 15 Пірәлиева Г. Ізденіс өрнектері: Әдеби сын. Зерттеу. Сұхбаттар / Г. Пірәлиева. — Алматы: Б.Ж. — 2001. — 776 б.
- 16 Құрманғалиев Қ. Сырбаз суреткер (Жазушы Т. Әбдіков 50 жаста) / Қ. Құрманғалиев // «Қазақ әдебиеті» газеті. — 1992. — 04 қыркүйек.
- 17 Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік / С. Әшімбаев. — Алматы: Жазушы, 1993. — 624 б.
- 18 Асылбекұлы С. Қазіргі қазақ повестеріндегі заман шындығы (1970–89): филол. ғыл. канд. ғыл. ... дисс. Маманд.: 10.01.02 — қазақ әдебиеті. — Алматы, 1997 — 159 б.
- 19 Жұмагелдин Ж.Ш. Төлен Әбдіқұлының прозасындағы адам және қоғам мәселесі / Ж.Ш. Жұмагелдин // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2015. — № 1(77). — Б. 77–83.

А.М. Смагулова, К.А. Толеубаева, Л.И. Мингазова

**Позиция писателя и драматизм
(по повести Т. Абдикулы «Пьедестал и жизнь»)**

Статья призвана показать, что Т. Абдикулы в повести «Пьедестал и жизнь» наиболее широко освещает обстоятельства, которые через события, пережитые одним человеком, были характерными для большинства представителей широкой общественности тех смутных времен. Целью статьи является проведение всестороннего анализа и обобщения различных осложненных и напряженных обстоятельств, наполненных драматизмом в структуре повествования. В процессе исследования использовались методы анализа, теоретического исследования и синтеза. В результате работы разобрано и всесторонне проанализировано, насколько авторская концепция, основная идея, вытекающая из авторской позиции, обладали собирательными и обобщающими, а также индивидуальными характеристиками в создании художественного образа главного героя. Усиленный драматизм в жизни героя, обездоленность судьбой с двенадцатилетнего возраста, арест и расстрел отца по ложному обвинению в том, что он враг народа, смерть сестры из-за горя, жизнь жены врага народа, а именно смерть матери, отбывшей наказание, вышедшей на свободу, но так и не увидевшей сына, — все это в полной мере описывает, сколько трагедий тоталитарная система принесла в судьбу человечества. Со позиции сегодняшнего дня было изучено, что различные трудности и борьба в жизни каждого героя отражают тяжелое состояние не только личности, но и общества в целом.

Ключевые слова: писатель, драматизм, повествование, рассказ, стиль.

A.M. Smagulova, K.A. Toleubayeva, L.I. Mingazova

**Position of the writer and dramatism
(according to T. Abdikuly's story “Pedestal and Life”)**

This article is intended to show that T. Abdikuly in the story “Pedestal and Life” widely covers the circumstances that, through the events experienced by one person, were characteristic of most representatives of the general public of those troubled times. The purpose of the article is to conduct a comprehensive analysis and generalization of various complicated and tense circumstances filled with dramatism in the structure of the narrative. The research process involved analysis, theoretical exploration, and synthesis methods. As a result of the work, it was disassembled and comprehensively analyzed to what extent the author's concept, the main idea arising from the author's position, had collective and generalizing, as well as individual characteristics in creating the artistic image of the protagonist. Heightened dramatism in the life of the hero, deprivation by fate from the age of twelve, arrest and execution of his father on the false accusation of being an enemy of the people, the death of his sister due to grief, the life of the wife of an enemy of the people, namely the death of his mother, who served her sentence and went to freedom, but never saw her son — all this fully describes how many tragedies the totalitarian system has brought to the fate of mankind. From today's perspective, it has been studied that the various difficulties and struggles in the life of each hero reflect not only the individual's serious condition, but also the society's as a whole.

Keywords: writer, drama, narrative, short story, style.

References

- 1 Nurgali, R. (2000). *Syrly soz. Adebі syn zertteu [Mysterious word. Literary criticism research]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 2 Eleukenov, Sh. (2006). *Qazaq adebіeti tauelsizdik kezeninde [Kazakh literature in the period of independence]*. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- 3 Zharylgapov, Zh.Zh., & Mirzametov, A.A. (2012). Qazirgi qazaq prozasyndagy romantizm [Romanticism in modern Kazakh prose]. *Qaraqandy universitetinіn khabarshysy. Filologiya Seriasy — Bulletin of Karaganda University. Philology series*, 1(93), 30–37 [in Kazakh].
- 4 Temirbolat, A., Abdikulova, R., Kalkabaeva, S., Ospanova, A., & Ospanova, A. (2015). Transformation of Novel's genre in modern literature. *Mediterranean Journal of Social Sciences*, 6 (4S2), 333–339.
- 5 Kabdolv, Z. (1992). *Soz oneri [The art of words]*. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 6 Gabdullin, N. (1992). Zamandas kelbeti [Image of a contemporary]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 7 Ordaliev, S. (1970). *Konflikt zhane kharakter [Conflict and character]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].

- 8 Zhusipov, K. (1969). Qazaq prozasyndagy tartys zhane zhana adam [Conflict and new man in Kazakh prose]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 9 Tagudretova, B.B. (2022). M. Baigut shygarmalaryndagy aleumettik shyndyq zhane zamandas beinesi [Social reality and modern image in the work of M. Baigut]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologiya seriasy — Bulletin of Karaganda University. Philology series*, 2(106), 101–108 [in Kazakh].
- 10 Toleubayeva, K.A., & Akkulova, N.R. (2019). Abish Kekilbayevtin «Abylai khan» shygarmasyndagy avtorlyq ustany [The authors position of Abish Kekilbayev in the work “Abylai khan”]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologiya Seriasy — Bulletin of Karaganda University. Philology series*, 3(95), 70–74 [in Kazakh].
- 11 Asanov, K.D., & Asan, A.K. (2016). Soz onerinin aqparattyq tabigaty [The informative nature of the art of speech]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologiya Seriasy — Bulletin of Karaganda University. Philology series*, 2(82), 46–52 [in Kazakh].
- 12 Iskakuly, S., & Takirov, S.U. (2016). Siuzhet zhane narrativ teoriiasy [Plot and narrative theory]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologiya Seriasy — Bulletin of Karaganda University. Philology series*, 1(81), 51–55 [in Kazakh].
- 13 Abdikuly, T. (2012). Tugyr men gummyr [Pedestal and life]. *Parasat maidani: Tandamaly — Discussion of the mind. Favorites*. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- 14 Maitanov, B. (1982). *Qazaq prozasyndagy zamandas beinesi [Contemporary image in Kazakh prose]*. Almaty: Gylm [in Kazakh].
- 15 Piralieva, G. (2001). *Izdenis ornekteri: Adebı syn. Zertteu. Sukhbattar [Search path: Literary criticism. Research. Interviews]*. Almaty: B.Zh. [in Kazakh].
- 16 Kurmangaliev, K. (1992). Syrbaz suretker (Zhazushy T. Abdikov 50 zhasta) [A sedate artist (the writer T. Abdikov is 50 years old)]. “*Qazaq adebiety*” gazeti — Newspaper “Kazakh Literature” [in Kazakh].
- 17 Ashimbaev, S. (1993). *Shyndyqqa suiispenshilik [Love for truth]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 18 Asylbekuly, S. (1997). *Qazirgi qazaq povesterindegi zaman shyndygy (1970–89) [Contemporary reality in modern Kazakh stories (1970–89)]*. Almaty [in Kazakh].
- 19 Zhumageldin, Zh.Sh. (2015). Tolen Abdikulynyn prozasyndagy adam zhane qogam maselesi [The problem of man and society in Tolen Abdikulyn's prose]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologiya Seriasy — Bulletin of Karaganda University. Philology series*, 1(77), 77–83 [in Kazakh].

Information about the authors

Smagulova Aizada Muratovna — Doctoral student, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: aizada220513@gmail.com;

Toleubayeva Kamshat Amanbayevna — Candidate of philological sciences, Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: k.toleubaeva@mail.ru;

Mingazova Lyailya Ikhsanovna — Doctor of philological sciences, Professor, Kazan Federal University; e-mail: Leila69@inbox.ru.

2024 ЖЫЛҒЫ
«Қарағанды университетінің хабаршысы. “Филология” сериясы»
журналында жарияланған мақалалардың көрсеткіші

Указатель статей, опубликованных в журнале
«Вестник Карагандинского университета. Серия “Филология”»
в 2024 году

Index of articles published in
«Bulletin of the Karaganda University. “Philology” Series»
in 2024

№ б.
№ с.
№ р.

ТІЛТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ
ACTUAL PROBLEMS OF LINGUISTICS

<i>Aitbayeva K., Tarakov A., Oldfield A.</i> Cognitive onomastics. Translation of precedent onyms.....	4	6
<i>Akkaliyeva A.F., Abdykhanova B.A., Koilybayeva A.N., Zhunusova M.K.</i> Linguistic representation of a parent's speech behavior in Kazakh Literature.....	2	55
<i>Altynbekov A.M., Mazhitayeva Sh., Kakzhanova F.A., Veselinov D.</i> Linguistic creativity of occasionalisms in Brandon Sanderson's works	2	38
<i>Aubakir S.S., Kitibaeva A.K., Ospanova Zh.T.</i> An analysis of figurative language in the interpretation of contemporary English poetry	1	16
<i>Aushakhman A.T., Oldfield A., Tarakov A.S.</i> The Retention of Metaphorical Imagery in Translations of Pasternak's Works into Kazakh and English.....	3	107
<i>Baimyrza A., Pirmanova K., Serikbayeva A.</i> Challenges and Prospects of Creating Abai Poetic Corpus	4	56
<i>Beibitova A.S., Konyratbayeva Zh.M., Kapanova A.K.</i> Features of translation of similes in literary translation (based on J. Rowling's novel “Harry Potter and the Philosopher's Stone”)	2	62
<i>Issabayeva N.S., Buketova N.I., Aratayeva A.T., Toluspayeva D.Zh.</i> Suffixes with agent meaning “-er” and “-or” and their etymology	1	30
<i>Khassenova G.A.</i> The peculiarities of Mukhtar Auezov's translation of William Shakespeare's play “Othello”.....	2	30
<i>Kurebayeva G.A., Kenesbayeva Sh.S., Kabyshev T.B.</i> Some peculiarities of effective online interaction	2	70
<i>Kurkimbayeva A.M.</i> Film discourse: the semantic interpretation of film titles.....	1	24
<i>Kuzembayeva G.A., Maigeldiyeva Zh.M.</i> Conceptualization of Shame in the Kazakh Linguistic Culture: Psycholinguistic Study.....	2	48
<i>Lyanova T., Issina G., Bilyalova A.</i> The Phenomenon of National Identity in American Mass Media.....	3	117
<i>Morugova Y.A.</i> Metaphoric Transfer in Term Formation: Exploring Anthropomorphic and Non-Anthropomorphic Models in Military Symbolic Language.....	4	21
<i>Nurgaliyeva S.Ye., Zhumasheva A.Sh.</i> Translation strategies for characters' names into Kazakh language in Disney animated pictures.....	3	24
<i>Radchuk O.A., Lapshina N.V.</i> Comparative characteristics of Kazakh, Russian and English phraseological units with components of the sense organs	3	50
<i>Turlybekova I.A., Nurkenova S.S.</i> English phraseological units of speech behavior reflecting household realities	1	106
<i>Urazbaev S.B., Madiyeva G.B.</i> Formation of the Associative-semantic Field «Covid-19».....	2	21
<i>Yang L., Karagoishiyeva D.A., Omirbekova Zh.K.</i> Ethnonyms in “On a Chinese screen” by W.S. Maugham: a lexical and corpus-based analysis	2	128
<i>Zhanzhigitov S. Zh.</i> Analysis of linguistic strategies in legal communication (based on the materials of the Kazakhstan online forum «Pravmedia»).....	3	41

<i>Zhunussova Zh.N., Alexeyeva O.G., Jambayeva Zh.A., Ivanova N.S.</i> Genre and stylistic peculiarities of the political discourse (on the material of Addresses of Heads of states).....	1	54
<i>Аитова Н.Н., Байшукурова Г.Ж., Иржебаева А.Б.</i> А. Байтұрсынұлы шығармаларын корпусстық зерттеу («Қырық мысал», «Маса» жинақтары негізінде).....	3	14
<i>Ахмет А.Н., Құрманбайұлы Ш.</i> Терминжасам үрдісіндегі будан терминдер мәселесі	3	6
<i>Баербекбаева А.Е., Ратиева Ж.Д., Акишева Ж.С., Кишенова А.Ю.</i> Қазақстан ұлттық концептосферасының құрамындағы «мемлекет» концептісінің жолдау мәтіндеріндегі тілдік көрінісі	3	85
<i>Бейсембаева А.У., Ерофеева И.В.</i> Языковая репрезентация концептов маскулинности и фемининности: гендерные представления в социальной сети Твиттер	3	58
<i>Бижкенова А.Е., Кенжебекова Р.</i> Семантика глаголов движения в русском, казахском и английском вариантах (с опорой на корпусные и словарные данные).....	1	80
<i>Габдрахман Т.С.</i> Жазушы К. Тоқаев шығармаларындағы сөздік құрамның сипаты	3	99
<i>Данияр Ә.А., Кенжалин Қ.К.</i> «Бабырнама» жазба мұрасындағы мәтін байласымы.....	4	67
<i>Жалмаханов Ш.Ш., Маретбаева М.А., Файзулла Г.Ф., Жартыбаев А.Е., Қалиев Б.А.</i> Жалпы түркілік «bul», «bod», «tom», «jar», «er» этимондарының этимологиялық этюдтері	4	44
<i>Жиренов С.А., Кенжебаева У.Е.</i> Адамзат дүниетанымындағы «мінәжат» концептісінің лингвокогнитивтік сипаты	3	128
<i>Жуманбаева Р.О., Еспекова Л.Ә.</i> Жарнама дискурсындағы визуалды код.....	3	141
<i>Жунусова М.Б., Сағындықұлы Б., Ахтаева Н.Х., Боранбай Б.Е., Алмауытова Ә.Б.</i> Модальдық бірліктердің морфосинтаксистік аспектісі	1	65
<i>Жүнісова Б.А.</i> Қазақ және түрік тілдеріндегі жалғаулықтар	2	6
<i>Жүнісова Б.А., Баймұрынов Ж.М.</i> «Йана» тұлғасының қазіргі сипаты мен қызметі	2	115
<i>Камзанов Д., Адилова А.С., Каукербекбаева Б.С.</i> Сән дискурсы жөнінде	1	73
<i>Канафина З.Т., Шайбакова Д.Д.</i> Коммуникативный потенциал коммерческих эргонимов церемониальной сферы	3	74
<i>Кенжегалиев С.А., Бергібаева Д.Қ., Жартыбаев А.Е.</i> Ділдік лексиконның тіл үйретудегі ерекшеліктері	3	65
<i>Кортабаева Г.К., Мұратбекова Ж.Е.</i> Қазақ және қытай тілдеріндегі жұмбақтардың этнолингвистикалық сипаты.....	1	96
<i>Кучумова Г.Ж., Мухамеджанова Д.Р., Ибраева А.Б.</i> Корпусная лингвистика как методология проведения эмпирических языковых исследований и ее развитие в Казахстане	2	96
<i>Күдерінова Қ.Б., Байтелиева Ж.Д.</i> Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы қазақтарының тіліндегі дәстүрлі сөзсәптам бірліктері.....	3	31
<i>Қайырбекова Ұ.С., Мамирбаева А.А.</i> Көпмағыналы «көрсет» етістігінің парадигмасы	1	36
<i>Қоңғал М., Шаймердинова Н.Г.</i> Қазақстандағы саны аз және жойылу қаупі бар түркі тілдеріне жүргізілген социолінгвистикалық зерттеу нәтижелері	2	88
<i>Никифорова Э.Ш., Куренко К.Н.</i> Стратегии на «понижение» и «повышение» в текстах экологического дискурса	1	43
<i>Оразбаева М.Қ., Құрманәлі А.А.</i> Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романындағы «жүрек» лексемасымен берілген фразеологизмдердің түрік тіліне аударылу ерекшеліктері.....	3	149
<i>Сагнаева Ж., Арынова Р.А., Аубакирова Р.Ж.</i> Трехязычная терминология при изучении в неязыковых группах обучающихся по специальности «Охотоведение и звероводство»	2	106
<i>Сәрсекке Г.Ә., Сентірбек Ж.Қ.</i> Ер мен әйел әңгімелесулеріндегі сөзді бөлу құбылысы: қазақ тілді подкастар негізінде.....	4	33
<i>Сейтимова А.И., Түйте Е.Е., Қалиев Б.А.</i> Қазақтың құсбегілік лексикасы	2	78
<i>Хасенов Б.Р.</i> 12+1 үлгісінің мифтік және лингвистикалық интерпретациясы	1	6
<i>Церцадзе М.Г.</i> Сопоставительный анализ концепта «жизнь» в русском и казахском языках.....	4	15

ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ
RELEVANT ISSUES OF LITERATURE STUDY

<i>Adishirinov K.F.</i> Journalism issues in Sheki's literary environment in the 20th century (based on the creativity of Mustafa bey Alibeyov, Nurpasha Hummetov and Tofig Gaffarov).....	1	113
<i>Amangeldina M.S., Tleuova Zh.</i> Lyrical prose in Kazakh literature	1	146

<i>Jafarov T., Ospanova Zh., Khamidova A.</i> On the reception and transformation of Russian literature in Azerbaijan in the post-Soviet period.....	1	162
<i>Karinov A.K., Takirov S.U., Ayekenova R.M.</i> The perceptions of secondary school teachers regarding the utilization of coaching and mentoring approaches in teaching literature.....	4	109
<i>Kdyralieva Zh.B., Baltabayeva G.S., Aitenova D.O., Mukhametkaliyeva G.O., Ashirbekova A.</i> Formation of moral values in the educational process through the ancient literary heritage.....	3	172
<i>Kydyrbayeva N.B., Zhanyzbekova E.T.</i> Unveiling Narrative Structures: A Proppian Analysis of Literary Fairy Tales of two diverse countries.....	4	79
<i>Mingazova L.I., Orazova B.O.</i> Theoretical problems of literary translation.....	1	137
<i>Orazkhan N., Okur A., Abdighaziuly B.</i> Image of zhalmauyz kempir in turkic mythology in epic works	2	155
<i>Söylemez O., Faruk Atesh Ö.</i> Literature-History Relationship and Genghis Khan in Kazakh Literature	3	160
<i>Zhakulayev M., Bespaeva K.A., Ashirbekova A.B., Suranchiyeva N.R., Maksut S.R.</i> Elements of Postmodernism and the World of Characters in Zh. Korgasbek's Works.....	4	97
<i>Ақбулатов А.А., Утемисова Э.К.</i> Ақын Б. Халиолла лирикасының тақырыптық-идеялық және поэтикалық негіздері	1	128
<i>Каринов А.К., Смағұлов Ж.Қ., Сағадатов Р.Т.</i> Қазақ әдебиетін оқытудағы коучинг және менторинг әдістерін қолданудың ғылыми-практикалық ерекшеліктері	1	152
<i>Личман Е.Ю.</i> Пейзаж как объект исследования современной филологии и искусствоведения Казахстана (краткий обзор научных трудов начала XXI в.)	4	88
<i>Мустояпова А.</i> Черты модернизма в романе Жусипбека Аймауытова «Акбилек».....	2	138
<i>Смагулова А.М., Толеубаева К.А., Мингазова Л.И.</i> Қаламгер ұстанымы және драматизм (Т. Әбдікұлының «Тұғыр мен ғұмыр» хикаяты бойынша).....	4	118
<i>Смагулова А.Т., Еспенбетов А.С., Ердембеков Б.А.</i> Шәкәрім поэзиясындағы текстология мәселелері.....	1	119
<i>Тлеубердина Г.Т., Нуржаксина М.К., Рахымов Б.С., Шахманова Г.Ш.</i> Қазіргі қазақ айтысының көркемдік-идеялық сипаты (Мұхамеджан Тазабек айтыстары негізінде).....	3	182

МЕРЕЙТОЙ ЮБИЛЕЙ ANNIVERSARY

<i>Научно-педагогическая деятельность Г.А. Мейрамова и его роль в становлении казахстанской лингвометодики (к 105-летию со дня рождения)</i>	1	168
--	---	-----

РЕТРАКЦИЯ RETRACTION

<i>Кенжеғалиев С.А., Нұржанова Қ.Қ.</i> Ретракция туралы мәлімет: Абайдың ділге қатысты дәйектемелері	3	193
---	---	-----